



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 16 » _____ 06 _____ 2022 жылғы N 80
Нұр-Сұлтан қаласы

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» байқауының I (қалалық) кезеңінің қорытындысы туралы

«Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік маманы» байқауының (бұдан әрі - Байқау) I (қалалық) кезеңінің қорытындысы бойынша Қазылар алқасы отырысының (09.06.2022 ж. №3 хаттама) шешімі негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Байқау Ережесіне сай «Психологиялық-медициналық педагогикалық консультацияның үздік маманы» атанған педагог пен номинациялар бойынша ең жоғарғы ұпай жинаған қатысушылар дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталсын:

1) «Психологиялық-медициналық педагогикалық консультацияның үздік маманы» атағының иегері – №1 ПМПК логопед-мұғалімі Сагилова Жанна Кабдиловна;

2) «Педагогтің үздік видео-визиткасы» номинациясы бойынша жеңімпаз – №5 ПМПК педагог-психологы Жармагамбетова Айжан Бекмырзақызы;

3) «Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау» (әлеуметтік педагогтерден басқа) номинациясы бойынша жеңімпаз – №4 ПМПК психологы Андреева Евгения Александровна;


4) «Отбасына үздік консультация беру» номинациясы бойынша жеңімпаз – №4 ПМПК педагог-психологы Гусманова Сауле Мубенбековна.

2. «Психологиялық-медициналық- педагогикалық консультациясының үздік маманы» атағының иегері **Сагилова Жанна Кабдиловна** 2022 жылғы тамыз-қыркүйек айларында өтетін республикалық байқаудың II (межелік) кезеңіне қатысуға жіберілсін және байқауға дайындалу барысында Орталықтың Инклюзивті білім беру бөлім әдіскерлері тарапынан әдістемелік көмек көрсетілсін.

3. Есеп бөлімі (Есхожина Ж.Д.) байқау жеңімпаздарына сыйлықтардың уақытылы бөлінуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С. Дауешоваға жүктелсін.

Басшы



С. Мадеев